ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 20 қараша №7119-24-00-2/14318 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Б. Алиев,
электрондық азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Rich» жеке кәсіпкері басшысы Самал Январьбердиевна Каукаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер «Rich» жеке кәсіпкері басшысы Самал Январьбердиевна Каукаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызын – қанағаттандырылсын.

«Rich» жеке кәсіпкері басшысы Самал Январьбердиевна Каукаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Rich» жеке кәсіпкері басшысы Самал Январьбердиевна Каукаева Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» шаруашылық жүргізу

Документ подписан: Алиев Б. Т., 20.11.2024
Дата вступления в законную силу: 27.12.2024, судья Алиев Б. Т., 28.01.2025
7119-24-3-1/13813

құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 3 588 (үш мың бес жүз сексен сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы, және бажды төлеу бойынша сот шығыстарын өтеу 107,64 (бір жүз жеті) теңге 64 тиын өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Б.Алиев

Документ подписан: Алиев Б. Т., 20.11.2024

Дата вступления в законную силу: 27.12.2024, судья Алиев Б. Т., 28.01.2025

7119-24-3-1/13813